

**"Қызметтердің жеке түрлері бойынша біржолғы талондардың құны туралы"
аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 101 шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 239 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қаңтарда N 13-11-204 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 69 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 20.12.2012 N 69 шешімімен

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы № 297 заңы 1-бабының 37-тармағы 9) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. «Қызметтердің жеке түрлері бойынша біржолғы талондардың құны туралы» (2009 жылғы 10 наурызда № 13-11-141 нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген 2009 жылғы 3 сәуірдегі «Тайынша таңы», 2009 жылғы 3 сәуірдегі «Тайыншинские вести» газеттерінде жарияланды) аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 101 шешіміне келесі өзгерістер еңгізілсін:

1 . 1 - ш і тар ма қ т а :

1) тармақшада «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасы азаматтары, оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын.

2) тармақшада «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасы азаматтары, оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын.

2.Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы

С. Звольский

Аудандық мәслихат хатшысы

Н. Трифонов